ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМІ

АКИМ

КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«11» тамыз 20 23 ж./г.

№ 167-ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Бизнес - жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 272 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 32956 болып тіркелген) сәйкес:

1. Осы өкімнің қосымшасына сәйкес құрамда бизнес - жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия құрылсын.

2. «Бизнес - жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2023 жылғы 3 ақпандағы № 23-ө өкімі жойылсын.

3. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бизнес - жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның жұмысшы органы болып белгіленсін.

4. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы өкімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары М.З. Шермағанбетке жүктелсін.

6. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімінің
2023 жылғы «11» наурыз № 167 өкіміне
қосымша

Бизнес - жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның
құрамы

Қызылорда облысы әкімінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар саласына жетекшілік ететін орынбасары, комиссия төрағасы;

Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы төрағасының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің шетел жұмыс күшін тарту бөлімінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер бойынша депутаты (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының салаға жетекшілік ететін орынбасары;

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының салаға жетекшілік ететін орынбасары;

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының рекрутинг және мансап басқармасының басшысы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Мансап - Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тең құрылтайшысы (келісім бойынша);

«Ақмешіт жастары» Қызылорда облыстық жастар газетінің бас редакторы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры (немесе міндетін атқарушы).